

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Манашова Гульмира
Нурлановнаның «**Білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-
психологтарды практикаға бағыттап оқыту**» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім берудегі ресурстардың әртүрлі түрлерін инвестициялау басты міндет болып табылады, өйткені ол адами капиталдың қалыптасуын қамтамасыз етеді және болашақтың үздіксіз әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан білім беру реформалары білім беру саясатын жетілдіруден, білім беру теориясы мен практикасының іргелі қағидаларын қайта қараудан, инновациялық тәсілдер мен цифрлық технологияларды интеграциялаудан көрінеді, мұның бәрі білім беруді жаңғыртудың мақсатты үдерісінен туындайды. Сонымен қатар, бұл үдеріс жаңа мәдениет пен ойлаудың дамуына ықпал етіп, педагогтарды сапалы дайындауға мүмкіндіктер ашады.

Білім, технологиялар мен ресурстардың жаһандық нарықта бәсекелестіктің артуы жағдайында қоғам түрлі сала мамандарын даярлауға қойылатын талаптарды күшейтіп отыр. Білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің аясын кеңейтіп, оқыту үдерісін неғұрлым икемді формалармен толықтыруға ұмтылуы қажет. Кәсіби білім берудің басым бағыты – педагогикалық кадрларды сапалы даярлау екені сөзсіз. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының алдында бірқатар маңызды міндеттер тұр: оқыту үдерісіне инновациялық әрі тиімді технологияларды енгізу, оқу үрдісінің практикалық бағытын күшейту, оңтайлы ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасау, сондай-ақ түлектерді кәсіби қызметте табысты болуға қажетті өзекті білімдермен және заманауи технологиялармен қамтамасыз ету.

Осы орайда, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды даярлаудың тиімді тетіктері мен құралдарын іздестіру ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл үдеріс тек теориялық білімді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметте сұранысқа ие практикалық дағдыларды, құзыреттерді және жеке тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Демек, кадрларды даярлау бағдарламаларын қайта қарау және білім беру бағдарламаларын жобалау мен іске асыру барысында құзыреттілікке негізделген тәсілге сүйене отырып, білім беру саласын практикаға бағытталған педагог кадрлармен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

Білім беру саласын жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді іске асыру үшін мамандарды даярлаудың барлық аспектілерін қамтитын кешенді тәсіл қажет. Бұл үдерісте ерекше рөл атқаратын – практикалық бағыттылыққа негізделген оқыту, ол қазіргі таңда білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Практикаға бағыттап оқытудың өзектілігі технологиялардың қарқынды дамуына және еңбек нарығының кәсіби талаптарының үнемі жаңаруына байланысты. Мұндай жағдайда білім алушылардың икемділігі, өз бетінше шешім қабылдау және нақты кәсіби жағдайларға тез бейімделу қабілеті болуы қажет. Бұл тәсіл терең кәсіби әлеуметтенуге ғана емес, сонымен қатар тұрақты кәсіби сәйкестікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы білім беру трендтері мен үрдістерін, соның ішінде практикаға бағыттап оқытудың жаңа формаларының пайда болуын ескере отырып, жұмыс берушілердің талаптарына сай келетін, кең ауқымды құзыреттерге ие, өзгермелі білім беру жүйесінде трансформацияға дайын жоғары білікті педагог-психолог мамандарды даярлау мәселесінің өзектілігі арта түсуде.

Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде ХХІ ғасыр адамды жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталған гуманитарлық құндылықтар мен басымдықтардың дәуірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, адамды тану, түсіну және оның әртүрлі өмір салаларында психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған «адамтану» мамандықтарының түлектеріне деген тұрақты сұраныс байқалады.

Осындай жағдайда болашақ педагог-психологтарды сапалы даярлау мәселелері өзекті болып отыр. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар тек іргелі теориялық білімі ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдылары бар осы бейіндегі түлектерге сұраныстың артуына әкелді, бұл жоғары білім беру жүйесінің тиісті бағытындағы студенттерді оқыту пайызын жаңғыртуды қажет етеді.

Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан зерделену деңгейі. Білім беру жүйесін жаңғырту мәселелері қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде ұсынылған: Б.А. Абдыкаримов, Қ.Қ. Жампейісова, Ж.А. Қараев, Ш.Ж. Колумбаева, Н.Н. Хан, С.Д. Шаймұханова және басқалар; сондай-ақ бұл мәселені шетелдік ғалымдар қарастырды: В.А. Болотов, В.А. Гуружапов, А.Г. Каспержак, О.В. Корягина, С.В. Кривых, О.А. Лукашов, А.А. Марголис, С.М. Редлих, Г.Н. Толкачева, И.Д. Фрумин, F.D. Salajan, A. Garrett.

Кәсіби білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері, соның ішінде кәсіби және жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамалары С.Т. Каргин, К.М. Кертаева, Г.К. Нурғалиева, Н.Э. Пфейфер, Ш.Т. Таубаева, Н.Д. Хмель, Л.А. Шкутина, В.М. Плотников, В.В. Егоров және басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Кәсіби қызметтегі үздіксіз білім беру мәселелерін қазақстандық ғалымдар: Е.И. Бурдина, А.М. Затынейко, А.Е. Есполова, С.Ж. Коканбаев, Б.А. Сайлыбаев, А.О. Спатай және басқа да шетелдік ғалымдардан: В.И. Байденко, Б.С. Гершунский, И.С. Исаев, А.И. Субетто, R. Snager және басқалары.

Қазақстан Республикасындағы практикаға бағыттап оқытуды зерттеудің ғылыми-теориялық базасын Г.О. Абдуллаева, Ж.Е. Абдыхалыкова, Ж.М. Сагитова, Ж.Ж. Ордабаева, А.Н. Омаров, О. Кожаберген, Г.Р. Курмашева, Г.К. Ташкеева және басқалардың еңбектері құрайды.

Практикаға бағыттап оқытуды теориялық тұрғыдан ұғыну мен талдауда жақын шет елдік ғалымдар: Л.М. Воробьева, В.А. Гуружапов, А.А. Костюнин, С.Г. Копьева, Г.Н. Толкачева, Ф.Г. Ялалов, Б. Маджидова, З.О. Максудов, Ш.А. Шаропов, Р.А. Турсуматова, Г.Ы. Тешебаева, А.К. Чалданбаева, А.К. Авлиякулов, Н.С. Ходжаев және басқалары зерделеген.

Практикаға бағыттап оқыту негізінде әртүрлі бейіндегі кадрларды даярлау тәжірибесі батыс ғалымдарының зерттеулерінде көрініс тапқан: N. Brouwer, E. Joling, W. Kaper, L. Mann, R. Chang, S. Chandrasekaran, A. Coddington, S. Daniel, E. Cook, E. Crossin, N. Perroni, S. Yacher, S. Stromholt, B. Wiggins, B. Von der Mehden, K. Subramaniam, T. Ju, J. Zhu.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулердің болуы мен маңыздылығына қарамастан, олардың айқын теориялық және практикалық құндылығына қарамастан, болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың мәселесін теориялық талдау және эксперименттік аспектіден тереңірек зерттеу қажеттігі бар.

Қазіргі ғылыми зерттеулерді, педагогикалық практиканың қажеттіліктерін және ұлттық басымдықтарды талдау өзара **қайшылықтарды** анықтады:

- болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту мәселесін зерттеудің объективті қажеттілігі мен оның ғылыми-теориялық тұрғыда жеткіліксіз әзірленуі арасындағы қайшылық;

- қоғам мен білім беру жүйесінің педагогика және психология саласындағы білікті кадрларға деген сұранысы және білімді жаңғырту жағдайында педагог-психологтардың кәсіби қызметке дайын болмауы;

- болашақ педагог-психологтардың дайындығының деңгейіне қойылатын талаптардың жоғарылауы және жоғары оқу орнында оларды осы қызмет түріне даярлауға қатысты тиісті технологияның жоқтығы.

Аталған қарама-қайшылықтарды шешу және оларды еңсерудің ғылыми тұрғыдан негізделген жолдарын айқындау зерттеу мәселесін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл мәселе білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың тиімді формалары, әдістері мен құралдарын іздестіруде көрініс табады. Осы мәселе диссертациялық зерттеу тақырыбын келесі түрде тұжырымдауға негіз болды: **«Білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту».**

Жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс зерттеудің **нысаны болып табылады.**

Зерттеудің пәні: білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту.

Зерттеудің мақсаты болашақ педагог-психологтардың практикаға бағытталған оқыту теориялық негіздемесі, білім беруді жаңғырту жағдайында практикаға бағытталған оқыту технологиясын практикалық әзірлеу және оны практикалық-эксперименттік сынақтан өткізу.

Зерттеу болжамы егер жоғарғы оқу орнының педагогикалық үдерісіне біз әзірлеген технология енгізілсе, онда бұл жалпы білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсібилігін арттыруға әсер

етеді, өйткені оқыту үрдісінің практикаға бағытталған бағыты психологиялық-педагогикалық қызметті табысты іске асыру үшін қажетті құзыреттерді тиімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Зерттеудің мақсатына, нысанына, пәніне және болжамына сәйкес келесі **міндеттер** анықталды:

- білім беруді жаңғыртуды болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың алғышарты ретінде негіздеу;
- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың қазіргі жай-күйін талдау;
- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың теориялық моделін жобалау;
- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың технологиясын әзірлеу;
- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың әзірленген технологиясын практикалық-эксперименттік жолмен іске асырудың тиімділігін тексеру.

Зерттеудің негізгі идеясы: білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту үдерісі кәсіби қызметке дайындығының деңгейін арттыруға бағытталған әзірленген технология негізінде жүзеге асырылуы қажет.

Зерттеу дереккөздері білім беру саласындағы Қазақстан Республикасындағы ресми үкіметтік материалдары мен нормативтік-құқықтық құжаттары; зерттелетін мәселенің мәні мен мазмұнын айқындайтын қазақстандық және шетелдік ғалымдардың философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектері; әртүрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында жарияланған философиялық, психологиялық-педагогикалық, энциклопедиялық сөздіктер, анықтамалықтар, материалдар; оқу және зерттеу мәселесі бойынша оқу-әдістемелік басылымдар, сондай-ақ өзіндік педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыс практикасы.

Зерттеу әдістері:

- теориялық әдістер: зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық, анықтамалық әдебиеттерді талдау, бұрын орындалған диссертациялық зерттеулерді талдау, контент-талдау, теориялық модельдеу әдісі, жоғары оқу орны құжаттамарын зерделеу;
- эмпирикалық – психологиялық-педагогикалық әдістер кешені: педагогикалық эксперимент, тестілеу, тікелей және жанама бақылау, іс-әрекет өнімдерін талдау, педагогикалық практиканы зерделеу және жинақтау;
- эксперименттік зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеудің математикалық әдістері: тәуелсіз және тәуелді үлгілер үшін Пирсонның корреляция коэффициенті, тәуелсіз үлгілер үшін студенттің t-критерийі, деректерді визуализациялау әдісі.

Зерттеу кезеңдері және зерттеу рәсімі

Бірінші кезең (2017-2019 жж.) – зерттелетін мәселе бойынша білім

беру саласындағы педагогикалық, ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерге, нормативтік-құқықтық құжаттамаларға теориялық талдау жүргізілді. Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты және негізгі ұғымдар тұжырымдалған. Білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалды; зерттеу мәселенің өзектілігі мен мақсаттарын растайтын айқындаушы эксперимент ұйымдастырылды және өткізілді.

Екінші саты (2019-2021 жж.) – білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың теориялық моделі жобаланып, технологиясы әзірленді; ұсынылған болжамды тексеру мақсатында қалыптастырушы эксперимент ұйымдастырылып, жүргізілді, онда әзірленген технологияның практикалық сынақтан өткізілуі жүзеге асырылды.

Үшінші саты (2021-2023 жж.) – қалыптастырушы эксперименттің бақылау кезеңі өткізілді, зерттеудің бастапқы және қорытынды нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасалынып, оларды түсіндіру жүзеге асырылды; эксперименттік жұмыс бойынша негізгі тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар тұжырымдалды; талаптарға сәйкес диссертация ресімделді.

Зерттеу базасы: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ және Қарағанды қаласының «Bolashaq» академиясы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы мыналардан тұрады:

- практикаға бағыттап оқыту шарты ретінде білім беруді жаңғырту негізделген;
- болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың қазіргі жай-күйі талданды; «болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту», «болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметі» және «болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметке дайындық» ұғымдары нақтыланды.
- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың теориялық моделі жобаланды;
- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту технологиясы әзірленді;
- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту технологиясы эксперименталды түрде сынақтан өтті.

Практикалық маңыздылығы білім беруді жаңғырту және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді оқу үдерісіне енгізу жағдайында болашақ педагог-психологтерге арналған практикаға бағыттап оқыту технологиясын енгізудің тиімділігін растайтын эксперименттік жұмыстарды зерттеу нәтижелерінен тұрады, оның ішінде:

- болашақ педагог-психологтарға арналған педагогикалық практиканың бағдарламаларына толықтырулар енгізілді: оқу (таныстыру), педагогикалық (психологиялық-педагогикалық), педагогикалық (оқу-тәрбиелік),

педагогикалық (өндірістік) практика;

- «Қазіргі білім беруді жаңғырту жағдайындағы практикаға бағытталған технологиялар» атты элективті курс;

- «Білім беру ортасындағы жобалау қызметі» атты элективті курс;

- «Құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асырудағы практикаға бағытталған оқыту технологиясы» атты ұжымдық монография;

- «5B010300 – Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне арналған «Орысша-қазақша-ағылшынша терминологиялық сөздік-анықтамалық» электронды оқулығы (авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіміне енгізілгені туралы куәлік, 04.02.2019, №1590);

- «Педагогикалық шеберліктің негіздері» атты ЭЕМ-ге арналған бағдарлама (авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіміне енгізілгені туралы куәлік, 26.05.2021, №17988);

- «Білім беру ортасындағы жобалау қызметі» атты ЭЕМ-ге арналған бағдарлама (авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіміне енгізілгені туралы куәлік, 07.12.2023, №41096).

- «Білім беру ортасындағы жобалау қызметі» пәні бойынша электронды дәрістер, мультимедиялық презентациялар, бейнедәрістер;

- «Өндірістік (педагогикалық) практика бойынша әдістемелік нұсқаулар» атты күрделі шығарма (авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіміне енгізілгені туралы куәлік, 04.02.2025, №54161);

- жаңа бастаған педагог-психологке арналған сайт.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Білім беруді жаңғырту практикаға бағыттап оқытудың маңызды шарты бола отырып, білім алушыларды кәсіби қызметтің нақты жағдайларына даярлауды қамтамасыз етеді. Бұл үдеріс мына аспектілермен сипатталады: теория мен практиканың интеграциясы, яғни теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыратын гибридті оқыту форматы аясында іске асырылуы; дағдылар мен құзыреттіліктерге бағдарлану; білім беру үдерісінде заманауи технологиялар мен цифрлық құралдарды (жасанды интеллект, машиналық оқыту, виртуалды және толықтырылған шынайылық, геймификация) қолдану; еңбек нарығының талаптарына бейімделу, яғни білім беру бағдарламаларының икемділігі негізінде (пәндер мен оқыту форматтарын таңдау мүмкіндігі), үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету.

2. Практикаға бағыттап оқыту болашақ педагог-психологтардың кәсіби қалыптасуына байланысты өзекті мәселелерді шешуде айтарлықтай әлеуетке ие. Болашақ педагог-психологтарды даярлау жүйесіне жүргізілген талдау қазіргі білім беру жүйесінің білім беру ортасының талаптарына тек ішінара ғана жауап беретінін және қарқынды өзгеріп жатқан әлеуметтік, экономикалық және білім беру жағдайларында кәсіби қызметке қажетті деңгейде дайындықты тиімді қамтамасыз етпейтінін көрсетті. Болашақ педагог-психологтарды даярлау сапасын арттыру және соған сәйкес олардың практикаға бағыттап оқытуын күшейту мен айқындау мақсатында бұл

үдерісті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін технология мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу қажет.

Білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтардың практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-теориялық негіздері зерттеушілердің еңбектерін талдау үрдісінде ашылған, олардың негізінде ұғымдар айқындалды және нақтыланған:

- «болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту» ұғымын біз білім беру бағдарламасын меңгеру негізінде жүзеге асырылатын, теориялық және практикалық-қолданбалы компоненттердің интеграциясы арқылы болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметке сәтті бейімделуіне ықпал ететін оқыту үдерісі ретінде қарастырамыз;

- «болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметі» – бұл білім алушылардың тұлғасын үйлесімді дамытуға және білім беру ортасында психологиялық әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған, білім беру үрдісіне қатысушылардың белсенді өзара әрекеті арқылы жүзеге асырылатын, құндылық-мағыналық, шығармашылық және өзін-өзі реттеуге негізделген кешенді үдеріс. Сонымен қатар, ол психоэмоционалдық, білім беру және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағдарланған қызмет;

- «болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметке дайындығы» ұғымын біз жоғары оқу орнында жүргізілетін даярлық нәтижесі ретінде қарастырамыз. Ол ішкі және сыртқы уәждерді қамтитын кешенді тұлғалық құрылым болып табылады; кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейін білдіреді (білім беру үрдісіне қатысушыларға туындаған қиындықтарды анықтау мен диагностикалау кезінде психологиялық көмек пен қолдау көрсете білу, ағартушылық және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру қабілеті); сондай-ақ кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға қажетті рефлексивтік талдау дағдыларының дамуын қамтиды.

3. Білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың теориялық моделі – өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұратын тұтас жүйе болып, әрбір компонент белгілі бір қызметтерді орындайды және мыналардан тұрады:

- мақсаттарды белгілеуді, міндет пен басым бағыттарды анықтауды, іс-әрекеттер кешенін анықтауды және ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтитын стратегияны әзірлеу;

- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың негізінде жатқан тәсілдер мен қағидаттарды дәлелдеу;

- білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту технологиясының мазмұнын және оны жоғары мектептің оқу үрдісінде сынақтан өткізу кезеңдерін ұсыну;

- болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметке дайындығын қамтамасыз ететін практикаға бағыттап оқыту технологиясын жүзеге асырудың нысандарын, әдістері мен құралдарын айқындау;

- болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметке дайындығының қалыптасуын сипаттайтын нәтижені белгілеу.

4. Білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқыту технологиясы — бұл педагогикалық үдерістің субъектілері арасындағы өзара әрекеттестікке кезең-кезеңімен енгізілетін өзара байланысты оқу-әдістемелік материалдар кешені. Практикалық іске асыруға бағытталған құралдар мен тәсілдер жиынтығына негізделі отырып, бұл технология болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді. Практикаға бағытталған оқыту технологиясын кезең-кезеңімен жүзеге асыру барысында біз өзіміз әзірлеген оқу-әдістемелік материалдарды басшылыққа алдық.

5. Білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ педагог-психологтарды практикаға бағыттап оқытудың әзірленген технологиясының тиімділігін растайтын эксперименттік тексеру нәтижелері. Аталған технологияны апробациялау болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметке дайындығының қалыптасуына толық дәрежеде ықпал етіп, бұл біздің зерттеуіміздің болжамын растады.

Ғылыми нәтижелердің анықтығы мен негізділігі зерттеу әдіснамасымен және қойылған міндеттерге сәйкес келетін бастапқы теориялық ережелермен, жұмыстың жеткілікті ұзақтығы мен жоспарлылығымен, эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен, диссертациялық зерттеудің қойылған міндеттерінің сипатына сәйкес келетін әдістер кешенін қолданумен, зерттеу нәтижелерінің сапалық және сандық талдауын қолданумен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелерін **сынақтан өткізу және енгізу** ғылыми жарияланымдар түрінде жүзеге асырылды. Зерттеудің негізгі теориялық ережелері мен нәтижелері 26 ғылыми еңбекте көрініс тапты, оның ішінде:

– республикалық (Қарағанды, 2018), жақын маңдағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Мәскеу, 2017, 2018, 2021, 2022), алыс шетел (Sofia, 2019) және Қазақстан бойынша (Қарағанды, 2018, 2024);

– ҚР ҒЖБМ Ғылым және Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда: «ПМУ Хабаршысы», «Педагогика» сериясы, 2018; «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», 2019; «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы», «Педагогика ғылымдары» сериясы, 2020; «Қарағанды университетінің хабаршысы. – «Педагогика» сериясы, 2025;

– «Scopus» ДҚ индекстелетін басылымдарда («Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment», 2021); («International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE)», 2025). Бұдан басқа, 1 ұжымдық монография әзірленіп, басылымнан шығарылды, ЭЕМ үшін 3 бағдарлама, 1 құрамдас туынды әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы қойылған міндеттердің қисынымен дәйектілігіне байланысты. Диссертация 158 беттен тұрады, кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер мен қосымшалардың тізімінен тұрады, кестелермен, диаграммалармен, графиктермен және диаграммалармен безендірілген.